

Кенимех

ЫРЫС АЛДЫ-ЫНТЫМАҚ

Таңы

КЕНИМЕХ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
ӨЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН

2016 жыл 17 май, сейсенбі № 16 (8019)

Репортаж

Тарих беттеріндегі сұм соғыстар мен шайқастарда елі үшін етізімен қан кешкен жасуынгерлеріміздің өшпес ерліктері қашан да құрметке және бүгінгі жас ұрпаққа үлгі етуге лайық.

ЕРЛІК ЕШҚАШАН ӨШПЕЙДІ



Еске алу және қастерлеу күніне арналған ауданның негізгі салтанатты шарасы орталықтан бастау алды. Көнекөз қарттар мен өмірі өнеге сыйтақтар қолына жұмыстары

үшін әрі парыз, әрі қарыз екендігін атап өтті.

Орталық саябақта ұйымдастырылған салтанатты жиында аудан әкімі И.Ураков құттықтау сөз сөйледі.

Күшті азаматтық қоғамға қарай

МАХАЛЛА-ДЕМОКРАТИЯ БАСТАУЫ

Бүгінде елімізде басқару жүйесінің маңызды буыны махалла Отан өркениеті, абад тұрмыс, халық тыныштығы жолында іске асырылған кең көлемді істердің белсендісіне айналған. Әсіресе конституциялық негізде әр екі жылда өткізілетін азаматтар жиыны торағасы (ақсақалы) және оның кеңесшілері сайлауы махалланың шын мәнінде демократиялық мектеп екенін дәлелдейді.

Елбасы Ислам Каримов ұсынған елімізде демократиялық реформаларды одан әрі тереңдету және азаматтық қоғамды дамыту концепциясында азаматтардың өзін-өзі басқару органдарына төрағаларды сайлау жүйесін жетілдіру, азаматтардың өлеуметтік белсенділігін арттыру, махалланың маңызы мен рөлін күшейту сияқты өзекті мәселелер көтерілген.

Расында да, азаматтар жиынын басқаруда жаңаша пікірлейтін, жанашыр, қиын жағдай

кеңесшілерді сайлауды заман талап етуде.

Жаңа редакциядағы «Азаматтар жиыны төрағасы (ақсақалдары) және оның кеңесшілері сайлауы туралы» заң қабылданып, күшіне енді. Аталмыш заң елімізде осы бағыттағы реформаларды одан әрі тереңдету, соның нәтижесінде махалланың өміріміздегі рөлі мен маңызын жоғарылатуға бағытталғанымен маңызды. Заңда сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты органдардың өкілеттері нақты көрсе-

маңызы жөнінде кездесу өткізіп, лайықтылар үшін дауыс беру-әрбіріміз үшін азаматтық әрі конституциялық борыш екендігі туралы сұхбаттастық. Азаматтар жиынына жиналғандар емес, қатысқандардың жартысынан көбі дауыс берген кандидат азаматтар жиынының төрағасы немесе оның кеңесшісі лауазымына сайланатындығы демократиялық принципке сай келетініне ерекше назар аударылды.

Қазір аудан аймағында азаматтар жиыны төрағасы мен оның кеңесшілеріне сайлау науқаны басталды. Өзіміз өскен өлкенің болашағы мен халқымыздың тұрмыстық дәрежесін одан әрі нығайту жолында аянбай қызмет атқара алатын аза-

ТЕМПЕРАМЕНТТИҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ

өлғыр болса, екінші біреу керісінше, сылбыр, жігерсіз болады), адамның көңіл-күйінің ерекшеліктерінен де (салмақты, тұрақты, жеңіл, тұрақсыз б) жақсы байқалып отырады.

Темперамент туралы алғашқы ой-пікірлер ғылымда өте ерте кездің өзінде-ақ айтыла бастады. Ежелгі Грецияның белгілі ғалымы, дәрігер Гиппократтың (б.з.д 460-356 ж.) еңбектерінде бұл жөнінде біраз пікірлер айтылған. Гиппократтың ойынша, әр түрлі темпераменттер адамдар мен жануарлардың денесінде төрт түрлі сұйық заттарға байланысты болмақ.

Олар: денені жылытып тұратын-қан, салқындататын-шырын (слизь), құрғататын-бауырдағы сары өт және оған дымқылдық беретін қара өт (талақ). Осы төрт түрлі сұйықтың араласуының пропорциясын грекше «красис» деп атаған. Ал латын тілінде кейін бұл терминді темперамент деп атап кеткен.

Сөйтіп, Гиппократ және оның шәкірттері адамдағы темпераменттердің әр түрлілігі организмдегі осы төрт түрлі сұйық заттың бір-бірінен аз-көптігіне байланысты деп түсінген. Мәселен, организмде қанның пропорциясы артық болса, ол сангвиникалық (латынша «сангиус»-қан), ал шырын басым болса (грекше «флегма»-шырын), флегматик темперамент деп; ал организмде қара өт басым болса меланхолик (грекше «меланхоле»-қара өт), организмде сары өт басым болса, холерик (грекше холе-өт) темпераменті деп аталған.

Гиппократ организмдегі сұйықтардың бірінен екіншісінің басым болуы кейбір аурулардың шығу тарихын түсіндіруге де жарайды деді, ол мидың рөлін түсіне білді, оны бездердің бірі деп санады. Бұл-адамның жеке ерекшеліктерін жа-

дың құрамына байланысты түсіндіруге тырысты.

Кейінен тараған ерекше теория Э.Кречмердің типологиясы. Бұл теорияның негізгі идеясы адамдардың дене бітімінің немесе құрылымының белгілі түріне қарай белгілі психикалық ерекшеліктері болатындығы. Ол адам денесінің бөліктеріне көптеген зерттеулер жүргізіп, осының нәтижесінде 4 дене бітімнің типін бөліп көрсетуге мүмкіншілік берді.

Тұлғаның дене көрінісіне (конституционалды типология) орай Э.Кречмер адамды төрт типке бөледі: астеник, пикник, атлетик, дипластик. Конституционалды типология негізі-жатырдағы ұрықтың даму динамикасынан болатын туғаннан соңғы дене құрылымының ерекшеліктері есептелінеді.

1. астеник (өлжуаз) адам-нәзік денелі, қушық кеуде, тар иық, қол-аяғы сәрейген ұзын, сопақ жүзді, бірақ жүйке жүйесі мен бастағы миы күшті дамыған; ынжық;

2. пикник-(шәлттік) адам – кіші не орта бойлы, етшең, биік кеуделі, қарынды, қысқа мойын, домалақ басты; көпшіл;

3. атлетик (шомбал) адам-ірі қарулы денелі, бұлшық етті, дене бұлшықеттері өзара сәйкес дамыған, кең иықты; маңғаз;

4. дипластик (мүгедек) адам-тән-дене құрылымы қисынсыз жаралған, тартыншақ;

Кейіннен темперамент организмнің түрліше физиологиялық өзгешеліктеріне, атап айтқанда, қан жолы жүйесінің құрылысына, зат алмасуға, ішкі секреция бездеріне т.б. байланысты деген пікірлер де тарады. Темпераменттердің физиологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан дәйекті етіп түсіндірген академик

адамдарға тән. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Соңдықтан, холерик болған жерде ұрыстар жиі болады, Холерик темпераментінің жағымды жағы-энергия, белсенділік, құштарлық, инициативтік. Жағымсыз жағы – ұстамсыздығы, қаталдық, қатаңдық, шамдану, ыза.

Сангвиник. Бұл тип өкілі-еті тірі, қабілетті, қозғалғыш, ақкөңіл және қызу, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Ұжым арасында жүргенді ұнатады, басқа оқушылармен тез тіл табысады. Қысылып-қымтырылмайды, кісіге қайырымды. Сангвиниктерді оқу үрдісінде бақылаған жақсы, яғни оқу үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді. Егер оқу материалы қызықты және жас өрешелігіне сай болса, онда кіші оқушы жаңа берілген материалды тез қабылдайды, жеңіл есте сақтайды. Ал егер материал қызықсыз және оны оқу үшін көп уақыт қажет болса, онда оқушы оны есте ұзақ уақытқа сақтай алмайды. Сангвиниктерді дұрыс тәрбиелегенде, оны жоғары дәрежеде жетілген бірлік және қайырымдылық сезімі оқуға деген белсенділігі ерекшелендіріп тұрады. Жағымсыз жағдайларда, жүйелілік пен бірізділік жоқ кезде, сангвиникте жеңілтектік, бейбастық, шашыраңқылық байқалады.

Флегматик. Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең

легенде іскерлікті, талапшылдықты орнатуға болады. Бірақ жағымсыз жағдайларда оларда әлсіздік, жалқаулық пайда болады.

Меланхолик. Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалпыты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар өкенін ешкімге көрсетпейді. Меланхоликтер тұйық, бейтаныс адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады. Істері келмейтін жұмыспен айналысса, тез шаршап кетеді. Достарына көмектесуді ұнатады.

Сонымен, темпераменттерді тәрбиелеуде баланың ерік-жігерін, мінез құлықтарын, сезім эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастыруға жүргізілген дұрыс. Адамның өзін-өзі ұстай алу қабілетінің дамуы темперамент тәрбиесіне жақсы әсер етеді.

Дәмегүл АРАПБАЕВА
Ташкент облыстық халық ағарту
қызметкерлерін қайта дайындау және
олардың білімін жетілдіру институтының
«Педагогика, психология және
тағлым менеджменті» кафедрасы
аға оқытушысы, психология
ғылымдарының кандидаты.